

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Шапшаң жүрші, *Көкшолақ*,
Олай жүрші, *Көкшолақ*,
Былай жүрші, *Көкшолақ*.
Жаманатқыр, *Көкшолақ*,
Арам қатқыр, *Көкшолақ*,
Мені құртқан, *Көкшолақ* [3, 11] –
деп эпифоралық қайталаулар арқылы астындағы атын сөзбен қамшылайды.
Жер жүзінде кедейге,
Ұран болған Октябрь.
Байдан теңдік алуға,
Құрал болған Октябрь.
Езілгенге саялы,
Шынар болған Октябрь.
Коммунизм орнауға,
Жоба болған Октябрь [3,39].

«Октябрь» әнінде ақын өзара үн екпіні, қуат серпіні, сөз саптауы жағынан тектес, ұқсас, мағыналас жолдарды шебер байланыстыра білген. Бұл қайталаулар бір жағынан, эпифора болса, екінші жағынан, әр түйдекті бір түйіп тұратын түйін сөздің, тұжырымды ойдың, қорытындының қызметін атқарып тұр.

Қорытындылай келе, қаншама ғасырлар бойы қазақ танымда қалыптасқан ұлттық образдар жүйесі сол халық мекендеген табиғатпен, тау-тасы, өзен-көлімен, аспан әлемі, жануарлар әлемімен етене жақын. Осынау тамырластық, осынау төркіндік ақындар поэзиясының көркемдік әлемінде айқын бедерленген. Кенен Әзірбаев шығармашылығында да мұндай құбылыстар өзінше мағына жүктеп, символдық мәнге ие болды.

Халықтың жан-жүрегімен, ғажайып рух-болмысымен тұтас беріліп, құдай сүйген қасиеті, қастерлі өнері – ақындық. Кенен Әзірбаев – сол қастерлі өнердің зау биігінен орын алған тұлға. Және сол орнын абыроймен сақтап қалған тұлға. Мақалада оның ақындық шеберлігі, ондағы көркем кестелер, көркем образдар жүйесі туралы сөз еттік. Сондай-ақ, теңеулер мен ақын поэзиясындағы жай қайталауларды, еспе қайталауларды, анафораны, эпифораны көрсеттік. Ақын поэзиясындағы көркем ерекшеліктерге жеке-жеке тоқталып, өзіндік ойлар, өзіндік тұжырымдар жасадық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары: – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 280 б.
3. Әзірбаев К. Бозторғай. Әндер, күйлер жинағы: – Алматы, «Жалын», 1977. – 176 б.
4. Жолдасбеков М., Төреқұлов Н. Тоқсан толғау: Деректі ғұмырнамалық эссе. – Алматы: Өнер, 1992. – 232 б.
5. Жаяу Мұса. Ақ сиса. Әндер мен күйлер: – Алматы, «Өнер» баспасы, 1985. – 108 б.
6. Батырлық жыр-дастандар (екі кітаптан тұрады). Екінші кітап. – Алматы: Атамұра, 2023. – 256 б.
7. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 12-том. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 б.
8. Аймұхамбетова Ж.Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында). Монография. Алматы: «Жазушы», 2010. – 365 б.

ӘОЖ 14.17

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Жақсыбаева Нұрдана Жасқайратқызы

nurdana.zhaqsybaeva@mail.ru

Гуманизм феномені – қоғамды ізгілікке жетелейтін, адамды бойдағы рухани тұтастыққа бағыттайтын бірден-бір күш. Ел болу үшін бірлік, ауызбіршілік, ынтымақ қаншалықты қажет болса, өркениет пен мәдениеттің орны елдің прогрессивті дамуында жетекші рөл атқарады. «Мәдениет» ұғымының астарында үлкен гумандық идея жатыр, және ол идея – тәрбие. Гуманизмнің негізгі мақсаты адамзатты жақсылық іске бейімдеп, адал ниет, ақ пейілді болуға насихаттау болса, тәрбиенің де негізі – санасы сергек, ойы озық, ең бастысы рухани сауатты адам болуға дағдыландыру. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі». Даналықты дәріптеуші Әбу Насыр әл Фарабидің осы бір ғибраты тақырыптың өзегін дәл ашады. Ұрпаққа үлгілі тәрбие беру қуатты елдің қалыптасуына жасалған алғашқы қадам. Тәрбиенің тал бесіктен берілетінін ескерсек, балаға ерте бастан гумандық іс-әрекеттерді сіңіруге көмектесіп, күш салу, ертеңгі болашаққа сенімділікпен қарауға мүмкіндік деп білеміз. Балаға тәрбие беру міндеті - отбасынан басталып, одан кейін мектептің, ұстаздың құзырына ұласады. Мақалада тәрбие мен ұлттық және эстетикалық құндылықтарды, гуманизмды, мәдениетті қалыптастыруға негіз болатын пән – әдебиет жөнінде, әдебиеттің бүгінгі білім беру саласындағы маңызы және қазіргі ахуалы жөнінде баяндалатын болады. Әдебиет - өнер, халықтың сана-сезімін көркемдік ойлау қабілетін байытатын рухани дүние. Әдебиетте адамның ілгерідегі жақсылықты көксеген асыл арманы, ұшқыр қиялы, осы жолдағы күрес-тартысы, халқымыздың басынан өткен әр қилы оқиғалар, ерлігі мен елдігі суреттеледі. Әдебиет – үлкен ілімнің, тәрбиенің ордасы. Адамзаттың көп ғасырлар бойы іздеген және әлі де шыңырау бойы іздеп келе жатқан сан сауалының жауабы әдебиеттің әр бөлім, әр тарауында тұрғаны ақиқат екендігін ғалымдар күн өткен сайын сансыз дәлелдермен айғақтау үстінде. Қай ғасырдың әдебиетін ақтарып қарасақ та, бүкпесіз, боямасыз шындыққа, тәрбиеге негізделген астарлы мазмұнға кезігеміз. Жылдар өтіп, тарихтың талай томдарын жауып, артқа тастағанмен, әдебиеттің қойнындағы мұрасы сапасы мен сынын жоғалтқан емес. Бүгінгі қоғамдағы нигилизм көзқарастар, мизантропизм сынды керағар пікірді жақтаушылардың тууы әдебиеттің астарын терең түсінбеуінен, пәнді жетік меңгермеуінен, қажетті құндылықтарды ала алмауынан болатындығын ескерсек, бұл бүгінгі күннің тағы да қарастырылуы тиіс өзекті мәселесі болма. Әдебиетті оқытуда мынадай мәселелер шешімін табуға тиіс:

- оқушылардың көркем шығарманы талғампаздықпен түйсіну, эстетикалық тұрғыдан қабылдау, эстетикалық-бейнелілік жүйені талдай білу қабілетінің артуы;
- түрлі ұлттар әдебиетіндегі тақырыптық-идеялық, сюжеттік ұқсастықтарды, бейне жасаудағы типологиялық байланыстарды анықтай білу дағдыларының қалыптасуы;
- көркем туындылардың өзге өнер қатарындағы даралық сипаттарын анықтай білуінің іске асуы;
- көркем шығарманы тану арқылы қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өз орнын таба білуі;
- эстетикалық талғам мен көркемдік таным дағдыларының қалыптасуы.

Бүгінгі күні мектепте әдебиет пәнін оқытуда біраз жаңашылдықтар енгізіліп, жетістіктерге жеткенімізбен оқушылардың әлі де көпшілігінің қызығушылығын аша алмай отырмыз. Ал өз әдебиетіне, өз тарихына қызықпаған ұрпақтың елдің ертеңгі болашағын ойлауы, кемелдікке ұмтылуы неғайбыл. Әрине, мәселенің түп ұшы дәл сол ана тілдің шалалануына келіп тірелетіндігі рас. Ана тілінен сөздік қордың аз болуы мәтін оқуда көп оқушылар үшін қиындық

тудырады. Мәтіннің мазмұнын түсіне алмаған оқушының мәтінді келесі реттен оқуда құлшынысы мүлде азайтатындығы белгілі. Ыждаһаттылықтың болмауы, еріксіз оқу оқушының пәнді мүлдем жек көріп кетуіне де әкелуі мүмкін. Бұл бүгінгі қоғамның дерті. Ал мектепте бұрынғыдай бағамен баланы ұстау мүмкін емес. Және баға білім берудегі басты құрал болмауы да тиіс. Ұстаздың басты мақсаты мен міндеті, миссиясы білімді жеткілікті дәрежеде ұғымды, жеңіл түрде түсіндіру, оқушының алған білімді әрі қарай еркін іліп әкете алуын қадағалау, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы көмектесу. Демек, бұл жерде ескерілуі керек нәрсе - оқушының тілдік деңгейі. «Қазақ тілін үйренуге арналған оқу-әдістемелік кешеннің» стандарт көрсеткіштері бойынша 6 деңгейге бөліп қарастыруымыз қажет, олар: 1) қарапайым деңгей; 2) негізгі деңгей; 3) орта деңгей; 4) ортадан жоғары деңгей; 5) жоғары деңгей; 6) жетік деңгей. Деңгей арқылы мәтін оқыту, мәтіндік тапсырмалар беру баланың ең бірінші оқуда өзін еркін ұстауына, одан кейін тапсырмаларды орындау да, сыныптағы оқушылар арасында жауап беру де бойындағы сенімділікті арттырады. Ал оқушының бойында сенімділік және еркіндік секілді қасиеттердің орнығуы оның сыныпта кез-келген тақырыпта ой қозғауына, пікірталас алмастыруына мүмкіндік береді. Екінші жағынан алып қарайтын болсақ бүгінгі Z ұрпақты «мүлдем оқымайтын, тілін білмейтін санасы таяз» деп қаралаудың өзі орынсыз, мәселенің бетін жазғырумен жауып қойғанмен тең. Жастардың ойлауы, қызығушылығы, көзқарасы, бұрынғыны да бүгінгіні де қызықтырушы еуропалық «стильге», «мәдениетке» жаңашылдықпен қарауы тым жоғары. Бұны да ұмытпауымыз қажет. Ана тілін жетік меңгергендер де, орыс тіліне бейімдер арасында да кітапқа, әдебиетке, шетел әдебиетіне қызығушылық білдіретіндердің қатары көбейіп келе жатқандығы көңіл қуантады. Демек оқушылардың әдебиетке құштарлығы әлі де әлсіремеген. Шетел әдебиетіне қызыққан оқушыны төл әдебиетімізге де қызықтыра алатындығымыз анық. Соңғы жылдары еліміздегі ұстаздардың басым көпшілігі креативті дағдыларды жетілдірумен жұмыстанып, сабақты қызықты өткізудің түрлі әдіс-тәсілдерін ойлап тауып, көрнекі құралдар қолдануда. Бірақ бұл қаншалықты пайдасын тигізіп жатыр деген санада сауал туындайды. Назары сабақтағы бала үшін бұл тіпті таптырмас құрал болғанмен, бар ойы гаджеттің аржағындағы әлеуметтік желіге, түрлі мән-мағынасыз ойынға байланған баланың санасында талданған тақырып ұзаққа дейін сақталмай жатады. Мысалы, оқушылардың көбісі жеткілікті деңгейде тапсырманы орындаса да белгілі бір қысқа уақыт аралығы өткен соң сол тақырып бойынша жасаған тапсырмаларын қайта орындауға қиналады. Осыдан 10-20 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда балалардың есте сақтау қабілеті әлсізденіп кеткендігін аңғаруға болады. Бұған себеп әрине телефон және сол телефонға алаңдап тұратын көңіл. Сараптай келе, әдебиетті оқытуда біраз жұмыстану керек оқушылар қатарына «деңгейі қарапайымнан ортаңғы деңгейге дейінгі» оқушыларды, «кітапсүйер, бірақ көбіне шетел әдебиетін оқылуы оңай, тілі қарапайым болғандықтан оқитын» оқушыларды және «телефонға тәуелді, виртуалды әлемде өмір сүретін» оқушыларды жатқызамыз. Бұл үш типтегі оқушыларды қайтсек әдебиетті оқуға баули аламыз? Қайтсек қызығушылығын арттыра аламыз? Қателік қай тараптан кетуі мүмкін? Бұл мәселемен тек мектепте ұстаз айналысуы тиісті ме? Бұл типтер тізбегі әрі қарай жалғасын табуы мүмкін бе? Қазақ әдебиетінің алдында қандай қатер тұр? Бұл мәселемен тереңінен жұмыстанып жатырмыз ба? Сауалдар шексіз. Әртүрлі гаджетті құралдарды қолдану ақпаратты тез тауып, өмірді барынша жеңілдеткенмен, оқушыларға көрнекіліктер, визуал әдісін қолданып видеожазбалар арқылы жеңіл түсіндіргенмен оқушылардың білімді алып, қорытуының сапасы өсудің орнына, төмендеп бара жатқаны қынжылтады. Әдебиетті түсіндіруде тек көрнекі құралдарды қолданумен ғана шектеліп қалуға болмайды. Ұстаздың шәкіртті шығармадағы оқиғаға кіргізіп, сол шығармадағы кейіпкердің немесе автордың күйін сезіндіре алатындай етіп түсіндіруі өте маңызды. Сабақ үстінде эмоцияналды тұрғыда оқушының жай-күйін басқара алу оқушының өзге дүниеге еліктеуін тежейді. Бұл ұстаз үшін шығарманы түсіндірудегі ең тиімді әдістің бірі, себебі дәл осы сәтте ұстаздың барлық шеберлігі байқалады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев таяуда Атырау қаласында өткен ұлттық құрылтайда: «...Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық рухани бағдарына арқа сүйеуіміз қажет» - екендігін еске салған еді. Тұтас

тәрбиені әдебиетіне сеніп тапсырған ата-бабаларымыздың қалдырған мұрасы мол. Халық ауыз әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиеті, жыраулық кезең әдебиеті, зар заман әдебиеті, кеңес дәуіріндегі әдебиет, тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет, қай кезеңдегі әдебиет өкілін оның шығармашылығын алып қарасақ та өмірлік берер мәні бар дүниені, тәрбиеге толы үлкен насихатты ілімді байқауға болады. Ұрпақ дәл осы ілімді меңгеріп өсуге тиісті. Сол себепті, жоғарыда аталып өтілген мәселелердің бір шешімі, бір түйіні тарқатылуы керек. Әдебиетті оқытудағы бұл проблемалық көзқарас тек қана біздің елімізде ғана емес, өзге де көршілес түркі мемлекеттері арасында да орын алып отырғанын байқауға болады. Демек түркі жұртына ортақ бұл мәселеге бірігіп талқылау ұйымдастырылып, жаңа идеялар мен шешімдер шығарылса нұр үстіне нұр болмақ.

Қорытындылай келе, біздің ұрпағымызға берілетін тәлім-тәрбиенің басты кілті – әдебиетімізді сараптап сапалы түрде беру, оқулықтардағы олқылықтарды жөндеу, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға күш салу біздің алдымызда тұрған үлкен міндет. Әдебиетті оқу және талдай тану нәтижесінде келесі шешуші біліктіліктер: әдеби-теориялық, әдеби-тарихи біліктілік, әдеби-шығармашылық біліктіліктер жүзеге асырылып, қазақ әдебиеті пәнінің әлеуеті тереңдей түсуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан республикасының Білім туралы Заңы. Алматы, 1999.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ғылым, 1991.- 280 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 240 б.

ӘОЖ 12.17

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АЛТАЙ» ҰҒЫМЫНЫҢ СИПАТЫ

Жәлелова Меруерт Серікқызы

miko.tb@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті әдебиеттану мамандығының Ікурс докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., проф. А.Д. Әлтай

Түркі халықтарының мифологиясында жаратылыстың тылысым құбылыстарымен негізделген ұғымдар кездеседі. Сондай дүниетанымның бірі түркі халықтарының жер бесігі санадатын – Алтай тауы. Сөз өнерінде Алтай тауы көркем бейнеге айналған. Қазақ қаламгерлерінің тақырыптарына арқау болған. Тіршіліктің қайнар бастауы – Алтай тауымен тығыз байланысты. Өр Алтай, Таулы Алтай, Кеңді Алтай, Моңғол Алтай атты атаулар: Қазақстан, Ресей, Қытай, Моңғолия сынды елдерді байланыстырып жатыр. Алтай тауын мекендеп жатқан халық – түркі халқының балалары. Алтай тауы да қилы кезеңдерді басынан өткерді. Алтай атауының шығу тарихы көне түркі жазба ескерткіштерінде, қытай жылнамаларында, ежелгі грек жазбаларында жазылған. Атап айтсақ, Ибн Калдун, Марко Поло, Плано Карпини, Гильом де Рубрук сынды әлемді аралаған саяхатшылардың жазбаларында «Алтынтағ», «Алтын йыш», «Алтынды», «Төлес», «Цзиньшан» атауларында аталып, бізге жеткен нұсқаларында осы атауда ұшырасады [1, 35].

Түріктердің наным-сенімінде таулар қасиетті орын саналған. Аспан мен жерді жалғап, барлық қозғалысты реттеп тұратын Тәңірдің тұрағы ретінде есептелінген [2, 63]. Түріктануға қатысты еңбектерде ислам дінін қабылдағанға дейін тау культін кие тұтып, қасиетті мән санағандарын байқаймыз [[3, 27]. Тәңірге арнап бағышталатын құрбандық шалу рәсімдері де тау шыңдарында орналасқан.